

Қ.ЖҰБАНОВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ Өңірлік университеті
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДЕГІ МЕНЕДЖМЕНТ КАФЕДРАСЫ

2024-2025 оқу жылына арналған

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6B01801 – Әлеуметтік педагогика және тьюторлық ББ бойынша

Ақтөбе, 2024

6B01801-Әлеуметтік педагогика және тьюторлық
Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2022

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
Модуль 5. Кәсіби тіл, тьютор (20 академиялық кредит)				
БП ЖК	BBZhTK 3214	Білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі	5	5
БП ЖК	APTA 3215	Әлеуметтік-педагогикалық тренингтер әдістемесі	5	5
БП ЖК	TZHTA 3216	Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі	5	5
КП ЖК	KK(O)T 3301	Кәсіби қазақ (орыс) тілі	5	5
Модуль 6.1. Менеджмент және арнайы пәндер (40 академиялық кредит)				
БП ТК	OOTOA 3302	Отбасы тәрбиесі жүйесіндегі тьютор	5	5
БП ТК	PA3303	Педагогикалық анимация	5	5
КП ТК	Konf 3217	Конфликтология	6	5
БП ТК	OAPZh 3218	Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс	6	5
БП ТК	VKPPD 3304	Волонтерлық қызметке психологиялық-педагогикалық дайындық	6	4
БП ЖК	TKU3219	Тьюторлық қолдауды ұйымдастыру	6	5
КП ЖК	BVMK 3305	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП		Педагогикалық практика	6	6
6.2. Менеджмент, тьюторлық және кәсіби бағдар беру (40 академиялық кредит)				
КП ТК	KBKBN 3214	Кәсіби бағдар және кәсіби кеңес беру негіздері	5	5
КП ТК	KN 3215	Коучинг негіздері	5	5
БП ТК	KPKB 3216	Кәсіби психологиялық кеңес беру	6	5
БП ТК	DP 3217	Денсаулық психологиясы	6	5
БП ТК	PAM 3218	Психологияның әдістемелік мәселелері	6	4
БП ЖК	TKU 3304	Тьюторлық қолдауды ұйымдастыру	6	5
КП ЖК	BVMK 3305	Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық	6	5
КП		Педагогикалық практика	6	6

Модуль 5. Кәсіби тіл, тьютор

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі.

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерге оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін инклюзивті білім беру жүйесі негізінде барлық категориядағы тұлғалардың сапалы білім алуға тең құқығын жүзеге асыру және білім беру үдерісіне қатысушылардың оқу нәтижесі туралы теориялық негізін қазіргі заман талабына сай меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: «Білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі» пәні білім беру мекемелеріндегі тьютордың жұмысының негізгі бағыттарын, тьютордың құзыреттілігін, дамыған елдердегі білім беру жүйесінің ерекшелігін, тьютордың кәсіби-педагогикалық біліктілігінің маңыздылығын, педагогтің жаңа формациядағы тьютор ретіндегі бейнесін; педагогикалық қызметтің құндылықтарын, тьютордың қызметінің принциптерін, тьютордың қызметінің бағыттарын, тьютордың қызметін жүзеге асыру жолдарын қарастырады.

Пререквизиттері: Психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика, инклюзивті білім беру.

Постреквизиттері: Тьюторлық қолдауды ұымдастыру, Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;

В) білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

С) білімді бағалауда шығармашылық дағдылары қалыптастыру;

Д) өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту ерекшеліктерін қалыптастыру;

Е) инклюзивті білім беруді дамытудың нормативтік-құқықтық, ұйымдастырушылық-экономикалық негіздері және тетіктерін жетілдіре білу, Әлеуметтік педагогиканың теориялық негіздерін меңгеру және біліктерін тәжірибеде қолдана білу.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Әлеуметтік-педагогикалық тренингтер әдістемесі

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттерге әлеуметтік және психологиялық тренингтерді өткізудің теориясы мен технологиясын игеру, соның ішінде үлкен топта студенттерді қамтамасыз ету.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән тренинг жұмысын ұйымдастырудың әлеуметтік-педагогикалық және психологиялық негіздері, білім беру жүйесіндегі әлеуметтік - педагогикалық тренингтің орны, жеке және топтық көмектің басқа түрлерінен артықшылықтары мен айырмашылықтары; әлеуметтік - педагогикалық тренингте өзара әрекеттесудің негізгі техникалар мен әдістерін оқыту, сондай-ақ әлеуметтік-педагогикалық тренингтер арқылы өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жетілдірудің практикалық тәжірибесі үшін әлеуметтік педагогиканың, психологияның әртүрлі салаларындағы студенттердің білімін интеграциялау туралы білімдерін қалыптастыру мақсатында оқытылады.

Пререквизиттері: Педагогика. Психология. Әлеуметтік педагогика.

Постреквизиттері: Әлеуметтік-педагогикалық жұмыс технологиясы. Волонтерлық қызметке психологиялық-педагогикалық дайындық.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалаиды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар.

В) әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;

С) Қарқынды дамып келе жатқан көптілді және көп мәдениетті әлем жағдайында адекватты әрекет ету мақсатында мемлекеттік және шетел тілдерін меңгерген әлеуметтік педагогика саласындағы маманның құзыреті шеңберінде коммуникациялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады.

Д) әр түрлі әлеуметтік-психологиялық мәселелерді шешу кезінде ПТО әдістемесін қолдану;

Е) тренинг топтарын басқара алу, тренингті ұйымдастыру, тренингті нәтижелендіру, топпен жұмыс жасай алу дағдысын меңгереді.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Тәрбие беру жұмысының теориясы мен әдістемесі

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., доцент Елеусинова Г.Е

Курсты оқытудың мақсаты: Болашақ мамандардың кәсіби маңызды сапаларын жетілдіріп, педагог-психологтардың оқушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының теориясы, әдістемесі мен технологиясы саласындағы білімдерін кеңейту және тереңдету, жүйелі ғылыми-әдістемелік білім, білік, дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі саласындағы білімді, іскерлікті және дағдыларды, нақты тәрбие міндеттерін шығармашылықпен шешуді, әлеуметтік – педагогикалық қызметті жүзеге асыру және ұйымдастыру кезінде дәстүрлі және қазіргі заманғы технологияларды пайдалануды; оқу-тәрбие үдерісін басқару жүйесі мен процесінде, әлеуметтік қатынастарда педагогикалық қызметтің жалпы заңдылықтарды; мектептегі оқу - тәрбие жұмысын ұйымдастырудың формалары мен әдістерін ашады.

Пререквизиттері: Педагогика, Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік, Әлеуметтік педагогика.

Постреквизиттері: Әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы, Өндірістік педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Тарих, тіл, әдет-ғұрып, ұлттық бірегейлік сияқты қазақ халқының ұлттық руханиятының құндылықтары жүйесін және әлеуметтік-педагогикалық білім берудегі теориялық және практикалық білімді интеграциялау дағдыларын, қазақ жазуының ерекшеліктерін меңгереді;

В) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

С) Балалармен тәрбие жұмысында ҰШІ – ұйымдастыру және тәрбиенің инновациялық технологияларын пайдаланады;

Д) ҚР қазіргі заманауи тәрбие тұжырымдамаларын және мектеп пен сыныптың тәрбиелік жүйесін сипаттайды;

Е) Сынып жетекшісі іс-әрекетінің жүйесі мен бағыттарын саралай алады.

Дублин дескрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіби қазақ (орыс) тілі

Бағдарлама авторы: Тұякова Ұ.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің әдістемелік шеберлігін және оқытудың жаңа технологияларын меңгерту.

Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пән қарым-қатынас жағдайларына сәйкес сөйлеу бірліктерінің (эмоционалды-экспрессивті және стилистикалық) жүзеге асыру ерекшеліктерін; ұлттық мәдениеттердің (өзіндік және басқа) жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуындағы ғылыми-педагогикалық жетістіктерін; орыс тілін біздің еліміздің әлемдік қауымдастыққа кіру жағдайында кәсіби қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану қажеттілігін; әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекеттегі сөйлеу/қарым-қатынас стильдері мен түрлерін зерттейді.

Пререквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы, Ұлттық руханият, Философия

Постреквизиттері: Әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы, Педагогикалық процесте өзін-өзі тануды интеграциялау

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Жаһанданудың, интернационализацияның, әлеуметтенудің заманауи үрдістерін және экономикалық теория негіздерінің ережелерін қолданады, бизнес және кәсіпкерлік; құқық негіздерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті меңгереді;

B) Қарқынды дамып келе жатқан көптілді және көп мәдениетті әлем жағдайында адекватты әрекет ету мақсатында мемлекеттік және шетел тілдерін меңгерген әлеуметтік педагогика саласындағы маманның құзыреті шеңберінде коммуникациялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады;

C) оқу пәндерін сапалы оқып үйрену ережелерін игеру, сабақ жоспарларын әзірлеу, талдау, салыстыру;

D) оқытуда түсіндіру және талдау әдістерін үйрену, балалармен жұмыс істеу жолдарын үйрену;

E) кітаптармен (оқулықтармен, оқу құралдарымен) жұмыс істей білу, тақырып бойынша сабаққа арналған оқу материалдарын дайындай алады.

Модуль 6.1. Менеджмент және арнайы пәндер

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Отбасы тәрбиесі жүйесіндегі тьютор

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің отбасы тәрбиесінің негіздері туралы ғылыми - теориялық білімнің жүйесін зерделеп, отбасы тәрбиесі жүйесіндегі тьютор құзыреттерді қалыптастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Отбасы тәрбиесі жүйесіндегі тьютор» пәні отбасындағы тәрбие жұмысының мәні мен мазмұны туралы, оның ішінде тьютордың кәсіби міндеттері туралы теориялық және практикалық білімді; отбасылық тәрбие жүйесіндегі тьюторлық сүйемелдеудің білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктерін; ҚР білім беру жүйесін регламенттейтін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді, бала құқықтары туралы Конвенцияны; отбасымен жұмыс жасауда психологиялық кеңес беруді қарастырады.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, Педагогика.

Постреквизиттері: Әлеуметтік-педагогикалық менеджмент, Психологияның әдістемелік мәселелері, Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;

B) халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

C) дамуында ауытқуы бар баланың, жағымсыз жағдайда тәрбиеленген баланың отбасындағы әлеуметтік-педагогикалық қорғауын қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қарастыру, жоспарлау.

D) «ерекше» баланы жалпы білім беру ұйымының ортасына сәтті енгізе алады

E) денсаулығы бұзылған оқушыға психологиялық және физикалық жайлы жағдайды, оған жұмыс және демалыс жағдайларын ұйымдастыруды бағалай алады.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Педагогикалық анимация.

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж.

Курсты оқыту мақсаты: Анимациялық іс-әрекет технологиялық жүйесінің санқырлы және жан-жақтылығын анықтау, негізгі әдістері мен технологияларын игеру, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру, болашақ әлеуметтік педагог, өзін-өзі тану мұғалімдерінің коммуникативті, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетін дамытуға мүмкіндік туғызу болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Педагогикалық анимация» пәні әлеуметтік педагогтің педагогикалық анимациялық іс-әрекетінің негіздерін; болашақ мамандардың анимациялық іс-әрекеттің технологиялық жүйесінің жан-жақтылығы мен көп қырлылығы туралы теориялық және практикалық білімдерін; бос уақыт-білім беру технологияларын, оларды балалармен жұмыс жасаудың қазіргі заманғы практикасының әртүрлі бағыттарында жобалау мен іске асырудың ерекшеліктерін; болашақ мамандардың коммуникативтік, ұйымдастырушылық, рефлексивті мәдениетін; негізгі функциялары мен принциптерін. педагогикалық анимация; практикалық қолдану саласы және аниматорлық қызметке қызығушылықты тәрбиелеу дағдыларын қамтиды.

Пререквизиттері: Білім беру жүйесінде педагог ретінде тьютор қызметінің негіздері. Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік.

Постреквизиттері: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс. Жас өспірімдермен әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

B) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдаланудың зерттеушілік дағдыларын меңгереді және ғаламтор ресурстарын, экология және өмір қауіпсіздігі саласындағы білімдері мен дағдыларын қолданады;

C) педагогикалық анимацияның негізгі функциясы мен қағидаларын білу;

D) бос уақытты ұйымдастырудың нақты формалары мен әдістерін білу;

E) балалар мен жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру ерекшелігін біледі.

Дублин дискрипторлары: A) B) C) D) E)

Пәннің атауы: Конфликтология

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж.

Курсты оқыту мақсаты: Болашақ мамандардың конфликтология саласында тұлғаның дамуы мен тәрбиесіндегі міндеттерді одан әрі жүзеге асыруына, қоғамда кикілжіңсіз іс-әрекет қалыптастырумен тәжірибесі туралы жүйелі ғылыми білім, білік, дағдылармен қаруландыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Конфликтология» пәні «жанжал» ұғымының тұжырымдамаларын, жанжалдың әлеуметтік жүйелерінің пайда болу себептерін, сипатын талдайды; қазіргі конфликтологияның өзекті теориялық және әдіснамалық мәселелері қоғамдық өмірдің феномені ретінде; конфликтологияның пәнаралық қарым-қатынасы, түрлері, олардың ерекшеліктері, ұлттық қақтығыстардың маңызы мен даму жолдарын ашады.

Пререквизиттері: Ұлттық руханият, әлеуметтік педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Денсаулық психологиясы. Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика. Девиантология.

Пәнді оқыту нәтижелері:

A) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

B) Білім беру және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық және нормативтік құжаттарды, инновациялық, әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың теориялық негіздерін қолданады;

- С) конфликтінің жалпы теориясы негіздерін тану барысында эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу, жоспар құра білуі;
- Д) өмірлік тапсырмалар, жалпы азаматтылық, отансүйгіштік сезімдер туралы хабардар ету;
- Е) конфликтінің жалпы теориясы мен практикасы бойынша материалдың маңызын, қорытындылар сәйкестігін бағалау бағалай білуі.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс.

Бағдарлама авторы: магистр Мейірханова А.А.

Курсты оқыту мақсаты: Студенттердің отбасы тәрбиенің негіздері туралы ғылыми - теориялық білімнің жүйесін қалыптастыру, отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс саласында кәсіби біліктілігін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Отбасымен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс» пәні отбасы туралы, отбасылық тәрбиенің ерекшеліктері мен принциптері, отбасылық тәрбиенің психологиялық-педагогикал

ық негіздері туралы білімді; отбасымен өзара әрекеттесуге, маңызды кәсіби қасиеттерді дамытуға психологиялық дайындықты; әлеуметтік рөл, қиын балалармен және олардың отбасыларымен жұмыс істеу ерекшеліктері туралы базалық білімді ашады.

Пререквизиттері: Инклюзивті білім беру, әлеуметтік-педагогикалық қызметтің нормативтік-құқықтық негіздері.

Постреквизиттері: Білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор, девиантология, әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады;

В) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

С) дамуында ауытқуы бар баланың, жағымсыз жағдайда тәрбиеленген баланың отбасындағы әлеуметтік-педагогикалық қорғауын қамтамасыз етудің тиімді жолдарын қарастыру, жоспарлау;

Д) алған білімдерін отбасының мүшелері арасындағы, отбасы мен қоғам арасындағы әрекеттесудің жағымды болуына пайдалана білу;

Е) әлеуметтік педагог ретінде отбасымен жұмыс жасауға қажет болатын кәсіби қасиеттерді саналы түрде дамыту: сыпайыгершілік, мейірімділік, әсерлілік, мақсатқа талпынушылық, өсіңкілік, педагогикалық оптимизм және әдептілік.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Волонтерлық қызметке психологиялық-педагогикалық дайындық

Бағдарлама авторы: магистр Рэн Ш.А.

Курсты оқытудың мақсаты: студенттердің әлеуметтік жұмыста волонтерлік қызметті жүйелі түрде түсінуін, сондай-ақ осы қызмет түрімен байланысты кәсіби және жеке құзыреттерді қалыптастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Волонтерлық қызметке психологиялық-педагогикалық дайындық» пәні волонтерліктің әлеуметтік-психологиялық проблемаларын; волонтерлік қызметте психологиялық-педагогикалық салада әртүрлі педагогикалық технологияларды пайдалануды; волонтерлікті психологиялық-педагогикалық дайындау аспектілерін; волонтерлік қызметке дайындықтың психологиялық-педагогикалық тәжірибесін; әлеуметтік жұмыстағы волонтерлікті, сондай-ақ қызметтің осы түрімен байланысты кәсіби және жеке психологиялық-педагогикалық құзыреттерді зерделейді.

Пререквизиттері: Әлеуметтік педагогика, Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Педагогика.

Постреквизиттері: Инклюзивті білім беру жүйесіндегі тьютор қызметі, Психологияның әдістемелік мәселелері, Жас өспірімдермен әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Тарих, тіл, әдет-ғұрып, ұлттық бірегейлік сияқты қазақ халқының ұлттық руханиятының құндылықтары жүйесін және әлеуметтік-педагогикалық білім берудегі теориялық және практикалық білімді интеграциялау дағдыларын, қазақ жазуының ерекшеліктерін меңгереді;

В) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар.

С) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады.

Д) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады;

Е) еріктілер қызметін меңгеру.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Тьюторлық қолдаудың ұйымдастыру.

Бағдарлама авторы: магистр Сагиева А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшеліктерін, қоғамдық маңыздылығын, кәсіби қызметі мен психологиялық-педагогикалық іс-әрекет аясында тьюторлық сүйемелдеу негіздері туралы түсінік қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: «Тьюторлық қолдауды ұйымдастыру» пәні тьюторды педагогикалық қызметтің екі тұрғысынан: оқушыны сүйемелдеу және педагогикалық қызметтің өзін сүйемелдеуді; тьютордың кәсіби қызметін ұйымдастыру бойынша теориялық және практикалық білім мәселелерін; білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жалпы мәдени және кәсіби құзыреттерді қалыптастыруды; мектепте, ЖОО-да, қосымша және үздіксіз білім беру жүйелерінде оқу процесін сүйемелдеуді қарастырады.

Пререквизиттері: Отбасы тәрбиесі жүйесіндегі тьютор, білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор, әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік.

Постреквизиттері: Денсаулық психологиясы, білім алушылардың өз бетімен жұмысын басқарудағы тьютор.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Білім алушылардың алға жылжуын тьюторлық қолдау бойынша өз іс-әрекетін талдайды, жобалайды (құрастырады), ұйымдастырады;

В) Әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;

С) Оқытудың дәстүрлі және инновациялық әдістерін салыстыру;

Д) Практикада оқытудың инновациялық әдістерін тьюторлық қолдауды қажет ететін білім алушыларға тәжірибеде қолдану;

Е) Әдістемелік әзірлемелерді дайындау үдерісінде студенттердің шығармашылық қызметін белсенді ету.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж., магистр, оқытушы Сағадатов Р.Т.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларды басқару саласындағы теориялық білімдерімен қаруландыру және көшбасшылық феноменінің психологиялық заңдылықтары туралы идеялар жүйесін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: "Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық" пәні білім беру жүйесіндегі негізделген қажеттілік ретінде еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап

береді, нақты жағдайларды талдау және диагностикалау дағдыларын дамытады. Пәнді оқытудың мақсаты білім берудегі көшбасшылықты ұйымды басқару құралы ретінде қолдану аясында қарастыруға негізделген және болашақ мамандардың көшбасшылық әлеуетін психологиялық-педагогикалық құрал ретінде дамытуға, болашақ білім беру көшбасшысы ретіндегі білім алушының рефлексивті құзыреттілігін дамытуға бағытталған. Пәнді оқу барысында білім алушы ұйымдастырушылық-басқарушылық шешімдер қабылдау дағдыларын меңгереді, білім берудегі барлық мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптасады және жетілдіріледі.

Пререквизиттері: Педагогика, Әлеуметтік педагогика, Әлеуметтік педагог қызметіндегі педагогикалық шеберлік.

Постреквизиттері: Әлеуметтік жұмыстағық әсіби этика, Өндірістік педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жаһанданудың, интернационализацияның, әлеуметтенудің заманауи үрдістерін және экономикалық теория негіздерінің ережелерін қолданады, бизнес және кәсіпкерлік; құқық негіздерін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті меңгереді;

В) Білім беру және әлеуметтік-педагогикалық жұмыс саласындағы халықаралық және отандық заңнамалық және нормативтік құжаттарды, инновациялық, әлеуметтік және педагогикалық-психологиялық ғылымдардың теориялық негіздерін қолданады;

С) Қарқынды дамып келе жатқан көптілді және көп мәдениетті әлем жағдайында адекватты әрекет ету мақсатында мемлекеттік және шетел тілдерін меңгерген әлеуметтік педагогика саласындағы маманның құзыреті шеңберінде коммуникациялық әдістер мен тәсілдерді пайдаланады;

Д) Көшбасшы психология, көшбасшышыларды оқыту мен өзара байланысты әдістер мен тәсілдерді, соның ішінде негізгі әдістерді меңгереді;

Е) Басқарушылық міндеттерді шешу үшін мотивация, көшбасшылық және билік теориясының негізгі тұжырымдарын қолданады.

6.2. Менеджмент, тьюторлық және кәсіби бағдар беру

Дублин дискрипторлары: А) В) С) Д) Е)

Пәннің атауы: Кәсіби бағдар және кәсіби кеңес беру негіздері

Бағдарлама авторы: PhD Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттерде кәсіби таңдау субъектісінің кәсіби дамуы мен кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі заңдылықтары, еңбек қызметі, кәсіптер мен мансап салалары туралы идеяларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән психологиялық кеңес берудің әдіснамасын, теориясы мен практикасын, негізгі тәсілдерін және кәсіптік бағдар беру негіздерін; кеңес беруге бағытталған психологиялық техникалар мен тәсілдерді, кеңес беру процесінің ұзақтығы мен тиімділігін анықтау әдістерін және клиенттермен профилактикалық, диагностикалық және болжамдық жұмыс мүддесінде психотерапия негіздері бойынша білімді қарастырады.

Пререквизиттері: Ғылыми зерттеу негіздері, Әлеуметтік педагогика

Постреквизиттері: Әлеуметтік психологиялық тренинг, Өндірістік педагогикалық практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

В) Тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескеріп, мамандық пен кәсіпті таңдау үдерісін модельдейді;

С) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу дағдыларын меңгерген.

Д) кәсіби өзін-өзі анықтауының негізгі заңдылықтары мен өзін-өзі бағалаудың деңгейін анықтау үшін диагностикалық әдістерді қолдану дағдысына ие болу;

Е) кәсіби таңдау субъектісінің кәсіби дамуына жүйелі талдау жүргізеді және зерттеу нәтижелеріне негізделген тұжырымдар жасайды.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Коучинг негіздері

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Рамазанова Д.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Пән коучинг негіздерін; қызметкерлердің тиімділігін арттыру үшін оның технологияларын қолдануды; коучингтің негізгі принциптерін; ұйымдағы жаттықтырушының рөлін; болашақ жұмысшылардың, қызметкерлер мен мамандардың дамуын диагностикалау мен болжауын; жеке өмір мен кәсіби қызмет арасындағы қайшылықтарды ашады.

Пәннің қысқаша мазмұны: коучингтің негізгі ұғымдары мен принциптері, ұйымдар қызметіндегі коучингтің негізгі қағидаттары, «уақытты басқару», «уақытты басқарудың жеке жүйесі», «уақыт ресурстары, «менеджердің уақытша құзыреттілігі» ұғымдарының мәнін айқындау, уақытты басқарудың тарихи қалыптасқан және қазіргі заманғы шетелдік тұжырымдамаларды меңгеру.

Пререквизиттері: Ғылыми зерттеу негіздері, Педагогика

Постреквизиттері: Әлеуметтік психологиялық тренинг, Өндірістік педагогикалық практика

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

В) Тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескеріп, мамандық пен кәсіпті таңдау үдерісін модельдейді;

С) Қақтығыс жағдайындағы келіссөздердің ерекшелігін біліп және талдайды;

Д) Өз уақытына аудит жүргізу және уақыт тапшылығының себептерін айқындай алады; Е) Кәсіби міндеттерді шешуге шығармашылық көзқарасты іске асыру қабілетіне ие

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Кәсіби психологиялық кеңес беру

Бағдарлама авторы: п.ғ.к., доцент Есенгулова М.Н.

Курсты оқытудың мақсаты: Курстың негізгі мақсаты – психологиялық кеңес беру аймағындағы маманның практикалық әрекетінің ғылыми негіздерімен студенттерді қаруландыру. Отбасында кеңес беру және мектепке дейінгі мекемелерде, қазіргі мектеп жағдайларына сәйкес психологиялық білімнің дұрыс қолданылуының дағдылары мен іскерліктерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пән психологиялық кеңес берудің әдіснамасын, теориясы мен практикасын; психологиялық кеңес берудің негізгі тәсілдерін; кеңес беруге бағытталған психологиялық техникалар мен тәсілдерді пайдалануды, кеңес беру процесінің ұзақтығы мен тиімділігін анықтау әдістерін және клиенттермен профилактикалық, диагностикалық және болжамдық жұмыс мүддесінде психотерапия негіздері бойынша білімді зерделейді.

Пререквизиттері: Модульдік пән бойынша Психология, Психоконсультация және психокоррекция негіздері.

Постреквизиттері: Әлеуметтік педагогикалық жұмыс технологиясы, Әлеуметтік психологиялық тренинг.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

- В) Тұлғаның жас ерекшеліктері мен әлеуметтік тәжірибесін ескеріп, мамандық пен кәсіпті тандау үдерісін модельдейді;
- С) Оқытудың заманауи және қолданбалы, стандартты әдістерін қолдану дағдыларына ие болады және оқу процесін жоспарлаудың міндеттеріне сәйкес психологиялық-педагогикалық пәндердің креативті технологияларын қолдана біледі;
- Д) Психологиялық-педагогикалық ғылымының эксперименттік зерттеуінің заңдылықтары мен дамуы туралы білімдерін қолданады;
- Е) Әлеуметтік педагог және тьютор жұмысында алған білімдерін педагогикалық практика барысында ұштастыра алады.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Денсаулық психологиясы.

Бағдарлама авторы: PhD, аға оқытушы Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Адам денсаулығын сақтау, нығайту және денсаулықты рухани, психикалық, әлеуметтік жағынан дамыту туралы білімдерін қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Денсаулық психологиясы» пәні денсаулық психологиясы бойынша теориялық білімді, сондай-ақ профилактикалық дене, психикалық және әлеуметтік денсаулық туралы білім жүйесін; психоэмоционалдық және соматикалық тыныштандыру, ауырсынуды басу, психиканы реттеу қабілетін; педагогикалық үдерістегі жұмыс түрлерін және студенттердің психикалық денсаулығын қалыптастыруда оны ұйымдастыру әдістерін және оларды практикада қолдануға үйренуді қарастырады.

Пререквизиттері: Психоконсультация және психокоррекция негіздері, Жасерекшелік физиологиясы мен мектеп гигиенасы.

Постреквизиттері: Әлеуметтік жұмыстағы кәсіби этика, жасерекшелік психологиясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар.
- В) Білім алушылармен жұмыс барысында невропатология, есту және сөйлеу патологиясы, психопатология бойынша білімдерін, жұмыс істеудің әдістері мен тәсілдерін қолданады.
- С) Халықтың аз қамтылған топтарына әлеуметтік көмек көрсету және әлеуметтік қорғау мақсатында ғылыми-теориялық және инновациялық жобаларды практикада қолданады.
- Д) психологиялық денсулықты анықтау әдістерін игеруі;
- Е) адам психикасына экологиялық орта ықпалының мәселелерін білуі.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Психологияның әдістемелік мәселелері.

Бағдарлама авторы: PhD, доцент Туякова У.Ж.

Курсты оқытудың мақсаты: Студенттердің ғылыми зерттеулердің әдіснамасы және әдістері саласындағы жүйелі білімдерін қалыптастыру. Психология ғылым салаларында зерттеу жұмысын ұйымдастыра отырып, әдіснамалық тұғырлар және ұстанымдарды зерттеу.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Психологияның әдіснамалық мәселелері» пәні ойлаудың әдіснамалық мәдениетін, ғылыми танымның ерекшеліктерін, оның мүмкіндіктері мен шектеулерін түсінуді, психологиялық білімнің ерекшелігін және оны алу мен негіздеу тәсілдерін; позитивті ойлауды, өздігінен білім алуды және кәсіби жетілуді дамыту үшін білім алушының жауапкершілігін арттыратын тәсілдер мен әдістерді қамтиды.

Пререквизиттері: Психологиялық-педагогикалық практикум және диагностика, білім беру жүйесінде педагог ретінде тьютор қызметінің негіздері

Постреквизиттері: Педагогикалық практика.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жеке тұлғаның әлеуметтік-психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық жағдайларын, қажеттіліктері мен жетістіктерін диагностикалайды; құқық, менеджмент және бизнес саласындағы жаңа білім мен біліктілікті өз бетінше меңгеру және кәсіби құндылықтарды бағдарлау дағдылары бар;

В) Әлеуметтік педагогика және тьюторлық, арнайы және түзету педагогикасы салаларының әдіснамасын, ерекше білім беру және психологиялық қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың қолданбалы дағдыларын қолданады; ғылыми зерттеу әдістерін талдайды;

С) психологиялық, педагогикалық зерттеулердің философиялық негіздерін, психологиялық, педагогикалық зерттеулердің әдістер теориясын біледі;

Д) психология мен педагогикадағы зерттеу жұмысының түрлерін біледі;

Е) зерттеу жұмысын құруды, жүргізуді, нәтижесін шығаруды, рәсімдеуді игереді.

Дублин дискрипторлары: А) В) С) D) E)

Пәннің атауы: Тьюторлық қолдауды ұйымдастыру.

Бағдарлама авторы: магистр Сагиева А.А.

Курсты оқытудың мақсаты: Білім берудегі тьюторлық қолдаудың ерекшеліктерін, қоғамдық маңыздылығын, кәсіби қызметі мен психологиялық-педагогикалық іс-әрекет аясында тьюторлық сүйемелдеу негіздері туралы түсінік қалыптастыру

